

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ХАТТАМАСЫ №2

Күні: 09.10.2025ж

Өткізілген орны: Мектеп АКТ залы

Қатысушылар:

1. Каппасов Кайрат Жомартович - «Атбасар аудандық мәслихатының аппараты» ММ ұйымдастыру бақылау бөлімінің басшысы
2. Сарсембекова Жанар Фазыловна - «Атбасар мәдениет үйі» МҚКК директоры
3. Алтыбаева Зауреш Хасимовна – Атбасар ауданы әкімдігі, бас маман
4. Кенжебаева Камшат Сыралықызы – ата-ана
5. Сейлова Анна Болатовна - ата-ана
6. Бимаганбетов Руслан Олжабаевич - Патрульдік полиция взводының командирі
7. Садыкова Карлыгаш – ЖК «Жібек жолы» директор
8. Тажиев Багдат – жеке кәсіпкер
9. Мейрамова Аида Мейрамовна ЖК «Мейрамова» директор

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Еңбек, Қарттар, Мұғалімдер және Республика күндерін мерекелеуге арналған іс-шараларға қатысу.
2. Мектептің қысқа дайындығы, соның ішінде жылу құбырларын бақылау.
3. Оқушылардың мектеп формалары, оқулықтары мен құрал-жабдықтарының болуы және сабаққа қатысуы бойынша рейд нәтижелерін қарастыру.

1-сұрақ бойынша:

Тыңдалды:

Мектеп директоры тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Смагулова Б.С аталған мерекелерге арналған іс-шаралардың өту барысы туралы баяндама жасады.

Мектеп ұжымы, ата-аналар мен қамқоршылық кеңесі белсенді атсалысып, оқушылар арасында еңбекке баулу, үлкендерді құрметтеу және отансүйгіштікке тәрбиелеу бағытында мазмұнды іс-шаралар өткізілді.

Шешім:

- Мерекелік іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастырған мектеп ұжымына және ата-аналар қауымына алғыс білдірілсін.
- Алдағы уақытта да осындай тәрбиелік мәні бар іс-шараларды тұрақты өткізу ұсынылсын.

2-сұрақ бойынша:

Тыңдалды:

Шаруашылық меңгерушісі Тохил А мектептің қысқы маусымға дайындығы жөнінде баяндама жасады. Жылу құбырлары мен жылыту жүйесіне бақылау жүргізіліп, анықталған кемшіліктер уақтылы жойылған. Мектептің жылыту жүйесі күрделі жөндеуден толықтай ауыстырылып, жаңартылған. Мектеп ғимараты толықтай жылыту маусымына дайын.

Шешім:

- Мектеп әкімшілігіне қысқы мерзім бойы жылыту жүйесінің тұрақты және қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету тапсырылсын.

- Жылу жүйелерінің жағдайын үнемі бақылауда ұстау және қажет болған жағдайда жедел шаралар қабылдау ұсынылсын.

3-сұрақ бойынша:

Тыңдалды:

Әлеуметтік педагог пен қамқоршылық кеңес мүшелері жүргізген рейд нәтижелері тыңдалды. Оқушылардың басым бөлігі мектеп формасын сақтайды, оқулықтар мен оқу құралдарымен толық қамтамасыз етілген. Бірнеше оқушыда оқу құралдарының жетіспеушілігі және оқулықтарының сыртының қапталмауы анықталған, бұл мәселе ата-аналармен және демеушілермен бірлесіп шешілді. Сабаққа қатысу тұрақты деңгейде.

Шешім:

- Әлеуметтік педагог пен сынып жетекшілерге оқушылардың мектеп формасы мен оқу құралдарымен қамтылуын үнемі бақылауда ұстау тапсырылсын.
- Сабаққа қатыспайтын немесе оқу құралдары жетіспейтін оқушыларға қамқоршылық кеңесі тарапынан көмек көрсету жалғастырылсын.
- Оқу тәртібі мен мектеп ережелерін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары күшейтілсін.

Төрайым: _____

Хатшы: _____

